

**№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №3**

Күні: 21.01.2021ж

Катысқандар: 421 ата-ана

Күн тәртібінде :

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысының жылдық есебі.

Тындалды :

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Шаяхметова:

- 16.09.2020ж мектепішілік ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері бекітілді. Қамқоршылық кеңесінің құрамына осы 9 адам тағайындалған болатын. Құрамына жеке қасіпкерлер, ата-аналар комитетінің төрағасы кірді. Осы отырыста қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері туралы танысып, жылдық жоспары жасақталып, бекітіліп, кеңес өз жұмысын одан әрі жалғастырған болатын. Қамқоршылық кеңестің 2-ші отырысында ұйымдастырылған мектепішілік «Жақсылық жерде қалмайды» атты қайырымдылық акциялары өткізіліп, жәрменке ұйымдастырылды. Қамқоршылық кеңесінің шешімімен әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларына таратылды. Мұғалімдер тарапынан рамазан айында отбасыларға көмек көрсету мақсатында акция ұйымдастырылған болатын, жыл бойына бірнеше балаға көмек көрсетілгенімен мектепте аз қамтылған отбасы балаларының көптігіне байланысты келесі оқу жылында қасіпкерлерді көптеп тартуға ұсыныс білдірді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, әлі де әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға одан әрі көмек көрсету керектігін айтты.

- Ата-ана Қарабекова Райхан: Қамқоршылық кеңестің ықпалымен мектептің көмекке мұқтаж отбасы балаларына сыйлаған қуаныштары мен жақсылықтары үшін жасаган жұмыстарына разы екендігін айттып, мектеп ата-аналары атынан алғыс білдірді. Барлық ата-ана бірауыздан қосылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері шешім қабылдайды:

1. Қамқоршылық кеңестің жыл бойына атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында қасіпкерлерді тарту жетілдірілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы:
Хатшысы:**

М.Габдуллина
Г.Шаяхметова
М.Габдуллина